


# Ата-аналар жиналысы №2

**Тақырыбы:** *Кіші мектеп жасындағы баланың интеллектуалды қабілетінің дамуында ұстаз бен ата-ананың рөлі*

**▣ Бастауыш сынып  
оқушыларына арналған  
интеллектуалдық  
сайыстардың түрлері**





Дарынды балаларды айқындау және оларға қолдау көрсету мақсатында жылма-жыл Республикалық ғылыми-практикалық орталық 3-10 сынып аралығында «Ақ бота» интеллектуалдық марафонын өткізеді.

Интеллектуалдық марафонға қатысушылар:

3-4 сыныптар үшін қазақ тілі, орыс тілі, математика, дүниетанудан;  
«Ақ бота» интеллектуалдық марафонға оқушылар ерікті түрде қатысады.

Қатысушыларға сертификат,  
диплом, сыйлықтар және жазғы профильдік  
«Дарын» мектебіне жолдама беріледі.



- **Халықаралық «Кенгуру – математика барлығы үшін» және «Кенгуру - лингвист» ойын-сайыстары**
- Оқушылардың математика пәнінен білімдерін тереңдету және сол пәнге олардың қызығушылықтарын арттырып дарынды балаларды айқындау мақсатында «Дарын» РҒПО Ресейдегі «Кенгуру» ұйымдастыру комитеті және «Кенгуру плюс» тестілеу техникалық орталығымен бірлесе отырып «Кенгуру – математика барлығы үшін» атты Халықаралық математикалық ойынын өткізеді. Сонымен қатар, 3-11 сынып оқушыларының шет тілдерін үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру үшін ағылшын, неміс, француз және испан тілдерінен «Кенгуру-лингвист» Халықаралық ойын-конкурсын өткізеді.

Конкурсқа қатысу үшін 3-11 сынып оқушылары іріктеуден өтпей-ақ қатыса алады. «Кенгуру–математика барлығы үшін» конкурсының тапсырмалары күрделілігіне қарай 30 сұрақтан тұратын 3 топқа бөлінеді. Сұрақтарға жауап беруге 75 минут беріледі.

Ойынға қатысқандар сертификаттармен ал жүлдегерлер дипломдармен және басқа да сыйлықтармен марапатталады. Ең жоғары ұпай жиған жеңімпаздар халықаралық жазғы лагерьлерге жіберіледі.



Тілтану көп оқушыларға зерігерлік, ешқандай маңыздылығы жоқ ережелердің жиынтығы секілді көрінеді. Осындай жаңсақ пікірлерді болдырмау үшін және балаларға тіл ғылымының әсемдігін

ашу үшін Киров дарынды балаларға қосымша білім беру орталығы РМГУ лингвистика институтының ғалымдарымен бірге 2000 жылдан бері жыл сайын «Орыс қонжығы» атты халықаралық ойын-конкурсын өткізеді. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы Қазақстандағы «Орыс қонжығының» аймақтық ұйымдастыру комитеті болып табылады.

Ойын мұғалімдерден аса дайындықты қажет етпей, мектептердің өзінде өткізіледі, ал тапсырмалары көңілді, қызықты және тек «дарынды балаларға» ғана емес, сонымен қатар шығармашылық қабілеттері жоғары балаларға да арналған. Жұмысты орындауға 75 минут уақыт беріледі.

Ойынға іріктеуден өтпей-ақ, қатысам деп ниет білдірген 2-11 сынып оқушыларының барлығы қатыса алады.

Ойын жеңімпаздары диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталады, ал барлық қатысушыларға сертификаттар тапсырылады.



## «British Bulldog» ойын конкурсы

«Британ бульдогы» ойын конкурсын оқушылардың ағылшын тіліне қызығушылығын дамыту, лингвистика саласынан дарынды балаларды айқындау, сабақтан және мектептен тыс шет тілдер бойынша жұмыстарды енгізу және шет тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби деңгейін жоғарылату мақсатымен «Дарын» РҒПО British Institutes және Ресей Білім Академиясының Продуктивті Білім беру Институты мен бірлесе отырып өткізеді.

Қатысушыларға 75 минут уақыт ішінде түрлі деңгейдегі 60 сұраққа жауап беруге мүмкіндік беріледі. Тапсырмалар тіл қызметінің түрлеріне (грамматика білімі, лексика, сөйлем байланысын және дауыс ырғағын ұғу) бағытталған тапсырмалар 10 сұрақтан 6 блокқа бөлінген. Алғашқы 10 сұрағы – тыңдау.

Ойын жеңімпаздары дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталады, ал барлық қатысушыларға сертификаттар тапсырылады.



## **1-7 сынып оқушыларының зерттеушілік жұмыстары мен шығармашылық жобаларының республикалық «Зерде» конкурсы**

Конкурстың негізгі мақсаты балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, кіші және орта жастағы мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру болып табылады.

### **Конкурстың негізгі міндеттері:**

- зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету;
- оқушылардың үздік жетістіктерін көрсету және насихаттау, өзара қарым-қатынастарын ұйымдастыру;
- қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту проблемасына көпшіліктің назарын аудару.

Конкурсқа жас зерттеушілер - 1-7 сынып оқушылары, жеке, сондай-ақ, командалық құрамда (2 қатысушыдан аспайтын) қатыса алады.

### **Конкурс үш кезеңде өткізіледі.**

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен және грамоталарымен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар



«Пони» сөзінің аббревиатурасы «Түсін! Аш! Ізде! Зертте». Бұл турнир «Дарын» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының қолдауымен және «Үркер» халықаралық зияткерлік орталығы және «Перспектива» Омбы мемлекеттік университетімен қоса өткізілді. Бұл конкурсқа мектеп және мектепке дейінгі 1-7 сыныптар арасында қазақ және орыс тілінде оқитын оқушылар қатысты. Турнирдің тапсырмалары сөздік қорды байыту, логикалық талдау жұмыстарын жүргізе білу және қоршаған әлемнің заңдылықтарын түсіну үшін бағытталған.



